



ШЕШІМ

30.06.2022

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ **201/27-VII**

город Нур-Султан

«Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған паралимпиадалық жаттығу орталығы мен «Тарлан мұз айдыны қызметін ұйымдастыру» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 338/42-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексі 163-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 маусымдағы № 112-1789 қаулысына сәйкес және Нұр-Сұлтан қаласының Бюджет комиссиясы отырысының 2022 жылғы 20 мамырдағы № 6 хаттамасы негізінде Нұр-Сұлтан қаласының Мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған паралимпиадалық жаттығу орталығы мен «Тарлан мұз айдыны қызметін ұйымдастыру» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 338/42-VI шешіміне (бұдан әрі – Шешім) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған Шешімнің 1-тармағындағы:

«3215038722 (үш миллиард екі жүз он бес миллион отыз сегіз мың жеті жүз жиырма екі)» деген сандар мен сөздер «3 109 141 883 (үш миллиард бір жүз тоғыз миллион бір жүз қырық бір мың сегіз жүз сексен үш)» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі осы шешімнің орындалуын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы



Е. Каналимов